

## Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың кейбір мәселелері туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2014 жылғы 20 қазандағы N 365 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 қарашада N 2987 болып тіркелді.

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабының 2-тармағы 3) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың түрлері мен мөлшерлері қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың қоса берілген қағидасы бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 08.04.2020 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

В. Дудов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Солтүстік Қазақстан облысының

Ішкі істер департаменті

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның

Ішкі істер бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің бастығы А.Ғ. Байқадамов

2014 жылғы 20 қазан

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов  
атындағы аудан әкімдігінің 2014 жылғы 20  
қазандағы № 365 қаулысына қосымша

## Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың түрлері мен мөлшерлері

1. Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімінің Құрмет грамотасы.

2. 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.

### 3. Бағасы 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын бағалы сыйлық.

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов  
атындағы аудан әкімдігінің 2014 жылғы 20  
қазандағы № 365 қаулысымен  
бекітілген

## **Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу қағидалары**

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 08.04.2020 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Осы Қағидалар қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелеу тәртібін айқындайды.

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссияға қарауға "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Полиция департаменті Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – СҚО ПД Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның ПБ) енгізеді.

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

4. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйлықақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

5. Ақшалай сыйлықақыны төлеу және бағалы сыйлықты алу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша СҚО ПД Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның ПБ бастығының бұйрығы шығарылады.

6. Ақшалай сыйлықақыны төлеу және бағалы сыйлықты алу облыстық бюджет қаражаты есебінен СҚО ПД Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның ПБ төлейді.

7. Азаматтарға қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімінің құрмет грамотасын, ақшалай сыйлықақыны, бағалы сыйлықты тапсыруды СҚО ПД Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның ПБ салтанатты түрде жүзеге асырады.